

СИЛЛАБУС

2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі

«8D01 101 - Педагогика және психология», «8D 01 801- Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану»,
8D 01 701 - «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандықтарының білім беру бағдарламалары

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (ДӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОДӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
FMP7201; FMP7202 Педагогиканың философиясы және әдіснамасы	6	15	30	-	5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
<i>Оффлайн/</i>	Міндетті, кәсіптік, пәнаралық	Шолу дәрісі, проблемалық дәріс, дәріс-консультация, дәріс-әңгіме, дәріс-диалог, дәріс-дискуссия.	Теориялық семинар, мәселелік семинар, шығармашылық тапсырмалар, зерттеушілік жобалар	Оффлайн/жазбаша емтихан		
Дәріскер(лер)	Таубаева Шаркуль Таубаевна, пед.ғ.д, профессор					
e-mail:	shtaubayeva@yandex.ru					
Телефоны:	8776 968 58 86					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)* Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар төмендегі қабілеттерді меңгереді:			ОН қол жеткізу индикаторлары, (ҚИ) (әрбір ОН 2 индикатордан кем емес)		
Докторанттардың ғылым философиясы және әдіснамасы, педагогиканың философиясы мен әдіснамасы, педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі саласындағы жүйелі білімін, әдіснамалық мәдениетін. таңдаған мамандық саласында зерттеушілік әлеуетті бағалау дағдыларын қалыптастыру.	1. Педагогиканың философиясы және әдіснамасын зерттеу нәтижелеріне талдау жасау, оларды ғылыми шолу түрінде жинақтауға.			1.1. Ғылымның философиясы және әдіснамасының негізгі ұғымдарының анықтамаларын біледі; 1.2. педагогиканың философиясы мен әдіснамасының өзара байланысын көрсететін дәлелдерді меңгерген.		
	2. Ғылым философиясы тұрғысынан педагогиканың ғылыми жүйе ретіндегі құрылымын, мәнін, қызметтерін, даму кезеңдерін негіздей алу.			2.1. педагогиканың ғылыми жүйе ретіндегі құрылымы, қызметтері, даму кезеңдері жайлы біледі; 2.2 педагогиканың ғылыми		

		терминологиясына қойылатын талаптарды меңгереді.
3. Педагогика саласындағы әдіснамалық білімнің белгілерін, даму деңгейлерін, пайда болу көздерін түсіндіре алу.	3.1 педагогиканың әдіснамасы тұрғысынан зерттеу тақырыбының көкейкестілігінің құрылымын біледі;	
	3.2. педагогикадағы әдіснамалық ғылыми мектептердің даму генезисі туралы интеллект-карта дайындай алады;	
4. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерінің құрылымын және педагогикалық құбылыстарды зерттеудің әдіснамалық тұғырларын зерттеуде қолданыс тетіктерінің құрылымдай алу	4.1 педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерінің құрамын біледі;	
	4.2 өз зерттеуінде гуманитарлық әдіснаманың әлеуетін қолдана біледі	
5. Педагогикалық зерттеудің нәтижелерін жазып сипаттай алу және докторлық диссертацияңыздың қорғауға ұсынылатын қағидаларын құрылымдай білу.	5.1. педагогикалық зерттеудің нәтижесінің оның түрлеріне сәйкестігін біледі және түсіндіреді;	
	5.2 педагогикалық зерттеудің нәтижесінің оның түрлеріне сәйкестігін біледі және түсінеді; 5.2. қорғауға ұсынылатын қағидалардың мәнін, құрылымын және өзара байланысын дәлелдей алады;	
Пререквизиттер	Педагогика, Әлеуметтік педагогика, Ғылым және философия тарихы. Білім беру мен психологиядағы мәдени-тарихи және әрекеттік тұғыр.	
Постреквизиттер	Ғылыми-зерттеу жұмысы. Академиялық жазу	
Оқу ресурстары	<p>Негізгі әдебиет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. О науке: Закон Республики Казахстан .- Алматы: ЮРИСТ, 2011. – 20 с. Қазақстан Республикасы «Ғылым туралы» Заңы. - Астана, 2011. 2. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 бет. 3. Философия и методология педагогики: научные школы стран СНГ и Республики Казахстан: хрестоматия. Под ред. д.филос.н., профессора А.Р. Масалимовой. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 402 с. 4. Методология педагогики: монография/ Е.А. Александрова, Р.М. Асадулин, Е.В.Бережнова и др.; под общ.ред. В.Г. Рындак. – М.: ИНФРА-М, 2018 – 296 с. 5. Бордовская Н.В. Диалектика педагогического исследования: монография/Н.В. Бордовская. – М.: КНОРУС, 2018.- 512 с. 6. Мардахаев Л.В. Магистерская диссертация: подготовка и защита: учебно-методическое пособие.- М.: Квант Медиа, 2018. – 106 с. 7. Әл-Фараби педагогикасы: оқу құралы: авторлық ұжым/ред.басқарған А.С. Мағауова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. - 162 бет. 1-тарау, 8-71 беттер; Таубаева Ш.Т., Құдайбергенова Ә.М. <p>Қосымша әдебиет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 8. Бондаревская Е.В. Гуманитарная методология науки о воспитании//Педагогика. 2012. - № 7.- С. 3-11. 9. Пономаренко Е.В. Теоретико-методологические основы формирования экологически 	

ответственной личности выпускника общеобразовательной школы. Автореферат ...дисс.д.п.н. - Шымкент, 2010. – 40 с.

10. Завьялова Н.А. Технологии формирования компетенций, необходимых для создания научных текстов//Педагогика. - 2016. - № 5.- С. 37-42.

11. Нечаев В.Д., Дурнева Е.Е. «Цифровое поколение»: психолого-педагогическое исследование проблемы//Педагогика. 2016. - № 1.- С. 37-145.

12. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике: монография. – Алматы: Казак университеті, 2016. - 423 с.

13. Әлеуметтік педагогика. Қазақша түсіндірме сөздік. Білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне және жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған. Құрастырушылар: Иманбаева С.Т., Таубаева Ш.Т., Менлібекова Г.Ж., Майғанова Ш.М., Джанзакова Ш., Абаева Г.А. - Алматы: 2020. – 256 бет.

Ғаламтор ресурстары:

1. https://open.kaznu.kz/courses/course-v1:kaznu+Ped_kz+2021/about
2. <https://ppt-online.org/253324>
3. <https://melimde.com/jofari-mektep-pedagogikasini-teoriyaliedisnamali-negizderi.html>
4. <https://dokumen.pub/9786010413504.html>
5. <https://library.tou.edu.kz/fulltext/buuk/b2983.pdf>
6. Дуйсенбаев А.К. Педагогика. Оқулық. Видео контент. https://www.youtube.com/playlist?list=PLuJlMwpBCEfMEtfr3HW_qrcKed65wQDiӘлебиет: негізгі, қосымша.

Пәннің академиялық саясаты

Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясат мен және академиялық адалдық Саясатына йкындалады.

Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.

Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail телефон, 8 776 968 58 86, shtaubaeva@yandex.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.

МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

Назарсалыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ. МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау

баллардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері	
Баға	Баллардың сандық баламасы	% мәндегі баллар	Дәстүрлі жүйедегі баға	
A	4,0	95-100	Өте жақсы	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	
B	3,0	80-84	Қанағаттанарлық	
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74		
C	2,0	65-69		
C-	1,67	60-64		
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	
D	1,0	50-54		
FX	0,5	25-49		
F	0	0-24		

Формативті бағалау	және жиынтық	% мәндегі баллар
Дәрістердегі белсенділік		5
Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі		20
Өзіндік жұмысы		25
Жобалық және шығармашылық қызметі		10
Қорытынды бақылау (емтихан)		40
ЖИЫНТЫҒЫ		100

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1 Педагогиканың философиялық және әдіснамалық негіздері			
1	Д1. Д1. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнін оқытудың нысандары, әдістері мен құрылымы. Философияның педагогика әдіснамасын дамыту әлеуеті. Ғылым тұжырымдамалары және олардың педагогикадағы көрінісі (шолу дәрісі).	1	
	СС 1. Ғылым тұжырымдамаларының жіктемесі және мазмұны. Педагогиканың теориялық пән ретіндегі ғылыми мәртебесі.	2	5
2	Д2. Ғылымның философиясы мен әдіснамасы. Ғылыми революция, парадигма және өркеніет туралы ұғымдар. Ғылымның даму кезеңдері және әдіснама типтері. (проблемалық дәріс).	1	
	СС 2. 2 Ғылым философиясындағы философиялық заңдар, тұғырлар, ұстанымдар, категориялар мен ұғымдардың педагогиканың және оны зерттеу әдіснамасының дамуына ықпалы.	2	5

	ОДӨЖ 1. ДӨЖ 1 орындау бойынша кеңестер		
3	Д3. Философия және педагогика: өзара байланысы мен әрекеттестігі. Педагогиканың философиялық бағдарлары (дәріс-консультация).	1	
	СС 3. Педагогиканың дидактикамен, психологиямен, социологиямен, менеджментпен, экологиямен, саясаттанумен, тарихпен, өнермен, медицинамен және т.б. ғылым салаларымен байланысы.	2	5
	ДӨЖ 1. 1. Глоссарий құрастырыңыз (Педагогиканың философиясы және әдіснамасының негізгі ұғымдары бойынша). 2. «Философияның тұғырлары, ұстанымдары, категориялары мен ұғымдарының педагогиканың дамуына ықпалы» тақырыбында құрылымдық-логикалық схеманы ғылым философиясы туралы құралдарға сүйеніп сызыңыз.		20
4	Д4. Педагогика ғылымының өзін өзі ұйымдастыру мәселелері. Педагогика – жеке оқу пәні. Педагогиканың ғылыми жүйе ретіндегі қалыптасу тарихы (дәріс-әңгіме).	1	
	СС 4. Педагогика ғылымының заңдылықтары және ұстанымдары.	2	5
5	Д5. Педагогика ғылымының объектісі мен пәні, қызметтері және міндеттері. Педагогика ғылымының ұғымдық-категориялық аппараты. (проблемалық дәріс).	1	
	СС 5. Педагогикадағы ғылыми терминологияға қойылатын талаптар. Педагогиканың пәнаралық байланыстары	2	5
	ОДӨЖ 2. ДӨЖ 2 орындау бойынша кеңестер		
	ДӨЖ 2. «Педагогика ғылымының объектісі мен пәні, қызметтері және міндеттері» интеллект-карта құрастырыңыз		20
МОДУЛЬ 2 Педагогика әдіснамасының мәні, мәртебесі және зерттеушілік әлеуеті			
6	Д6. Педагогика әдіснамасының даму тарихы және кезеңдері. Әдіснама саласындағы ғылыми мектептер және әдіснамашы ғалымдарі (дәріс-диалог)..	1	
	СС 6. Педагогиканың әдіснамасының қалыптасуы мен дамуындағы В.В. Краевскийдің ғылыми еңбектерінің ролі мен маңызы.	2	5
	ОДӨЖ 3. ДӨЖ 3 орындау бойынша кеңестер		
7	Д7. Педагогикалық білім беру саласындағы зерттеудің басым бағыттары. (дәріс-дискуссия).	1	
	СС 7. Педагогикалық зерттеулердің мәселелік алаңы. Педагогика мен білім берудегі көкейкесті мәселелер мен зерттеу тақырыптары.	2	5
	ДӨЖ 3 1. Педагогиканың пәнаралық байланыстарын көрсететін схеманы В.И. Журавлевтің «Педагогика в системе наук о человеке» атты кітабы негізінде сызыңыз. 2. «Менің өзіндік кәсіби тануым» тақырыбында эссені А.Д. Ивановтың педагогикалық сараптама туралы кітаптарын зерделеу арқылы жазыңыз. 3. Педагогика мен білім берудегі көкейкесті мәселелер тізімін жасап, олардың өзектілігі туралы дәлелдер келтіріңіз.		15
	Қорытынды бақылау		10
	Аралық бақылау I		100
8	Д8. Педагогика әдіснамасының мәнін зерделеу тұғырлары (гносеологиялық, философиялық, ғылымтанулық). (дәріс-консультация).	1	
	СС 8. Қазақстан Республикасындағы педагогика әдіснамасының дамуы.	2	5
	ОДӨЖ 4. ДӨЖ 4 орындау бойынша кеңестер		
9	Д9. Педагогика әдіснамасының ғылыми мәртебесі, құрылымы және ұғымдық аппараты (дәріс-әңгіме).	1	
	СС 9. Педагогикадағы әдіснамалық мәселелер.	2	5
	ДӨЖ 4. Өз зерттеуіңізге қажет әдіснамалық тұғырлардың ғылыми әлеуетін А.Д. Қайдаованың диссертациясына сүйеніп негізденіз.		15
10	Д10. Педагогика саласындағы әдіснамалық білім (проблемалық лекция).	1	
	СС 10. Педагогикада әдіснамалық білімдер жүйесін құрудағы В.И Журавлевтің қосқан үлесі.	2	5
	ОДӨЖ 5. ДӨЖ 5 орындау бойынша кеңестер		
МОДУЛЬ 3. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық-теориялық және тәжірибелік негіздері			
11	Д11. Педагогикалық құбылыстарды зерттеудің әдіснамалық тұғырлары: мәні,	1	

	жіктемесі және мазмұны. Педагогикадағы жүйелілік әдіснамасы және гуманитарлық әдіснама (шолу дәрісі).		
	СС 11. Парадигмалық, синергетикалық, құзыреттілік және квалиметриялық тұғырлары және оларды педагогикалық зерттеулерде қолдану тәсілдері	2	5
12	Д 12. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері. (Нысаны және пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері) (дәріс-консультация).	1	
	СС 12. Педагогикалық зерттеудің әдістері. Әдістерді жіктеу. Зерттеу әдістерін таңдау өлшемдері.	2	5
	ДӨЖ 5. 1. «Педагогика әдіснамасы мәнін зерделеу тұғырлары. (гносеологиялық, философиялық, ғылымтанулық) тақырыбында тірек конспектісін М.А. Лукацкийдің «Методологические ориентиры педагогической науки» атты кітабы негізінде жазыңыз. 2. Сіздің докторлық диссертацияңызда гуманитарлық әдіснама қолданылса, оның шығармашылық әлеуетін Е.В Бондаревскаяның тәрбиенің гуманитарлық әдіснамасы туралы пайымдарына негізденіз.		15
13	Д13. Педагогикалық зерттеудің нәтижелері: құрылымы, оларды жазып сипаттау тәсілдері. Қорғауға ұсынылатын қағидалардың мазмұны (дәріс-консультация).	1	
	СС 13. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жобаларын құрастыру және сараптамадан өткізу әдістемесі.	2	5
	ОДӨЖ 6. ДӨЖ 6 орында бойынша кеңестер		
14	Д14. Педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің және магистранттарының ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ). Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және басқару (дәріс-дискуссия).	1	
	СС 14. Ғылыми-педагогикалық зерттеу сапасын бағалау В.М. Полонский – педагогикалық зерттеулер сапасын бағалау саласындағы ірі ғалым.	2	5
	БӨ35.		
15	Д15. Педагогтің зерттеушілік мәдениеті. Зерттеуші тұлғасына қойылатын талаптар (проблемалық дәріс).	1	
	СС 15. Білім беру бағдарламаларының (авторлық, ұйымдық) сапасын эксперттік бағалау.	2	5
	ДӨЖ 6. 1. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерінің құрылымын нақтылап, схема сызыңыз. 2. «Педагогикалық зерттеудің мәселесі және оның типологиясы» . тақырыбында кесте толтырыңыз.		20
	Қорытынды бақылау		10
	Аралық бақылау 2		100
	Қорытынды бақылау (сметхан)		100
	Пән үшін жиынтығы		100

Декан _____ Б.Б.Мейірбаев

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Әлқожаева

Дәріскер _____ Ш.Т. Таубаева